

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) _____

Топ: кіші топ

Балалардың жасы: 2 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 25.12 - 29.12.2023ж.

Педагогтың аты-жөні _____

Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Әңгімелесу. "Балаға қыста шыршаның жасыл түсі неге өзгермейтінін түсіндіру", "2-3 жасар баланың коммуникациялық қабілеттерінің ерекшеліктері", "Баланы мерекелік бұйымдарды әзірлеуге қатыстырудың маңызы және шарттары".				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің жапырақтарының шаңын сүртуді көрсету, оларға күтім	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту, ойыннан кейін барлық бөлшектерді орнына салудың	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, қолды су ағымы астына қоюын	"Топтың ішін ретке келтір" Мақсат-міндеттері. Балаларға ересектерге көмектесуді үйрету, шкафтарды, ойыншықтарды	"Кітап бұрышын тәртіпке келтір" Мақсат-міндеттері. Балалардың тазалыққа, тәртіпке ұмтылыстарын құптау, кітапты ұқыпты ұстау әдетін

басқалар)	жасау қажеттілігін түсіндіру; өсімдіктерді суғарудың маңызын іс-тәжірибеде көрсету.	үлгісін көрсету; бөлшектерін жинауға шақыру және қатыстыру; ойыншықтармен ойнағанда тазалық сақтау туралы түсіндіру.	қадағалау; қолды сүлгімен сұртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру; орамалды ілетін орынды немесе суретін көрсету.	тазалау. Еңбек дағдылары мен ұқыптылықты қалыптастыру.	қалыптастыру.
	"Ыдыстарға шырша ойыншықтарын түстеріне сай жина" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың түстерді қабылдау және ажырату сенсорлық қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; жасалған жаттығудан жағымды әсер алуға ынталандыру. Құралдар: түрлі түсті пластик шырша ойыншықтары;	"Шыршаны безендір" дамытушы жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балаларды түсі жасыл қатпа қағаздан қиылған шырша кескінін түрлі түсті дөңгелек ойыншықтармен безендіруге ынталандыру; көркемсөзді мәнерлеп оқуды және қуаныш сезіміне бөленуді дамыту. Құралдар: педагог балалардың	"Аққаланы құрастыр" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды аққаланың денесін үстел бетінде құрастыруға; көлемі ынталандыру; көлемі әртүрлі дөңгелектерді ажыратуға жаттықтыру; жасалған жұмыстың нәтижесіне қуана білу қабілетін дамыту. Педагог әрбір балаға	"Қолғап" қимылды жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балаларды педагогтің соңынан көркемсөз жолдарының ырғағына, мазмұнына сай қимылдарды жасап, жағымды көңіл күйге бөленуді үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, еске сақтау қабілетін дамыту. - Балалар, қазір қолғаптарымызбен әдемі жаттығулар жасап, ойнап көрейік.	"Сыяды-сыймайды" дамытушы ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды заттардың үлкен және кішкентай болатыны туралы ұғымдармен қалыптастыру; үлкен және кішкентай ойыншықтарды, заттардың көлемдеріне сай үлкен және кішкентай қорапшаларға жинауды жаттықтыру; дұрыс орындалған

	ойыншықтардың әр түсі үштен кем емес болуы керек. Шарты: шар денелі ойыншықтарды бірыңғай түстер бойынша төрт себетке топтастыру. Ә. Табылдиев "Шырша". Қызық-думан күн келді, Жасыл шырша түрленді. Аяз сүйіп, терленді, Үйге кірді төрледі. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, сенсорика)	әрқайсына түсі жасыл қатпа қағаздан қиылған шырша кескінін және түрлі түсті дөңгелек ойыншықтар жинақтамасын табақшаға салып қояды. Шарты: өз түйсігіне сүйеніп, шырша кескінін ойыншықтармен безендіру. - Шырша. Ә. Табылдиев "Шырша" (жалғасы). Сылдырайды моншағы, Шыршамыздың мол шамы, Бізбен бірге жайдары Жарқырады, жайнады. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, сенсорика)	көлемі үш түрлі, ақ түсті дөңгелектерді, көздерін, сәбізден мұрнын, шелек пішіндерін табақшаға жинақтап ұсынады. Жұмыс жасалғаннан кейін балалар педагогке ілесіп, көркемсөзді айтады, қимылдар жасайды. Аққала денесі дөп-дөңгелек, (қос қолдың сұқ саусақтарымен ауада үлкен шеңберлер сызу) Дөңгелек басына киген көк шелек, (алақанмен бастың төбесін жабу). Басады қос аяқтарын маймандап, (саусақтың ұшымен үстел басын кезекпен тықылдату) Іздері де содан оның	- Қане, қолғапты киеміз, (алақандарын бір-біріне уқалау) Бір қолды салып көреміз, (бір қолмен екінші қолды сипау) Екінші жұп қолғапты (екінші қолымен бірінші қолды сипау) Киіп алсақ – жарап тұр. (қолды ары-бері қозғау) (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)	тапсырма нәтижесінен жағымды әсер алу қабілетін дамыту. Педагог балаларға үлкен және кішкентай қорапшаларды көрсетеді. Балалардың бірінен кейін бірі шығып, бір ойыншықтан алад, оларды көлеміне қарай екі қорапқа салады. Балалар өз әрекеттерін "сыяды" және "сыймайды" сөздерімен сүйемелдейді. (сенсорика)
--	---	---	--	--	---

			дөңгелек. (қос қолдың сұқ саусақтарымен ауада кішкентай шеңберлер сызу). (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)		
Ертеңгілік жаттығу	Жалпы дамытушы жаттығу 1. Бастапқы қалып: аяқты алшақ қою, допты оң қолмен ұстап тұру. 1–1 екі қолды жан-жаққа созу, қайтадан допты алу. 1–2 бір қолды алға созу, допты сол қолға ауыстыру, екі қолды жан-жаққа созу, бастапқы қалыпқа келу (3 рет). 2. Бастапқы қалып аяқты алшақ қою, допты екі қолмен ұстап тұру. 2–1 жерге отыру, допты жерге қою. 2–2 бастапқы қалыпқа оралу. 2–3 жерге отыру, допты жерге қою. 2–4 бастапқы қалыпқа оралу (4 рет). 3. Бастапқы қалып: аяқты алшақ қою, допты екі қолмен ұстап тұру. 3–1 еңкею, допты жерге қою. 3–2 бастапқы қалыпқа оралу. 3–3 еңкею, допты жерге қою. 3–4 бастапқы қалыпқа келу (3 рет). (мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Балалардың тәбетін ашу. Өздігінен тамақтануға ынталандыру. Дастарқанның әдемісін-ай,				

	Тағамның (ботқаның, көженің, сорпаның, қуырдақтың) дәмдісін-ай! Тамақты тауысқан балақай Ең күшті болады. Пай, пай ... (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы сәлемдесу. Жарқырап күн де ашылды, Айналаға гүл шашылды. Қайырлы күн! Біз еңбекқор баламыз! Қайырлы күн! Біз көңілді баламыз! Мақсат-міндеттері. Сәлемдесу рәсіміне дағдыландыру; жағымды эмоцияларды дамыту. Дербес ойын әрекеті. Мақсат-міндеттері. Балаларға ойыншықтарды бөлісуді, барлығы бірге тату ойнауды үйрету. (сөйлеуді дамыту)				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Жаңа жылдық сыйлығым". Мақсат-міндеттері. Балалардың педагог лақтырған затты қағып алып, қайтадан кері лақтыру іскерліктерін дамыту; шарды қағып алуды және қайтадан лақтыруды үйрету; лақтыру кезінде қол мен саусақ бұлшық	Музыка "Ормандағы бауырсақ". Мақсат-міндеттері. Балаларды мюзикл музыкасын тыңдап, кейіпкердің ерекшелігін түсінуге үйрету; мюзикл шығармасындағы кейіпкерлерді музыка сипатына сай ажырата білу және қимылдарын	Дене шынықтыру "Допты қағып алу". Мақсат-міндеттері. Балалардың педагог лақтырған допты қағып алып, қайтадан лақтыру іскерліктерін пысықтау; алдыңғы ұйымдастырылған іс-әрекеттерді пысықтай отырып, балалардың допты қағып алу және	Дене шынықтыру "Дені саудың - жаны сау". Мақсат-міндеттері. Балалардың доға астынан еңбектеп өту іскерліктерін пысықтау; жалпы дамыту жаттығуларын жасауда қол, дене, аяқ бұлшық еттерін, қимыл ептілігін жетілдіру;	Мүсіндеуден ойын-жаттығу "Шырша моншақтары". Мақсат-міндеттері. Балаларды ермексаздың тұтас бір бөлігін алақанда айналдыра илеп, домалақ пішін жасауды үйрету; алақанда мүсіндеу тәсілдеріне жаттықтыру;

	еттерін дамыту; жаңа жылдық көңіл күй сыйлау; жаңа жыл мерекесі жайлы балалардың ойларын дамыту; өз ойларымен бөлісуге ынталандыру; қимыл ептілігін дамыту.	қайталай білу қабілетін дамыту; жаңа музыка жанрына қызығушылық сезімін білдіруге тәрбиелеу. "Бауырсақ" музыкалық мюзикл. Мақсат-міндеттері. Кейіпкердің дыбысын әндетіп шығаруды үйрету.	қайтадан лақтыру техникасы дағдыларын жетілдіруге ықпал ету; жаңа жыл мерекесі туралы түсініктерін дамыту, мерекелік көңіл күй сыйлау; тақырыпқа қызығушылықтарын дамыту.	тақырыпты пысықтау, қорытындылау.	құрдастарымен ойнау арқылы жағымды эмоционалды сезімге бөлене білу қабілетін қалыптастыру. Балалардың ермексазбен жұмыс істеуге қызығушылықтарын ояту; мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу.
2- таңғы ас	Тағамның атауын еске сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды. Ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркемсөзді қайталау)				
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Қардың жауғанын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Маусымдық құбылыс - қардың жаууы туралы білімдерін бекіту.	Қоян ойыншығын бақылау (ақ қоян). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балалардың көңілін қоян ойыншығына аудару; қоянның	Жалауларды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Балалардың көңілдерін учаскенің мерекелік тақырыпта	Терезедегі қырауды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Жұмбақ. Өнері жоқ, қолы жоқ,	Терезедегі қырауды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Жұмбақ. Өнері жоқ, қолы жоқ,

	Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ауладағы қарды белгілі бір жерге күрекпен күреп жинау; кіреберіске апаратын жолды тазарту. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттері. Жұмысқа жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру; ұжымдық тапсырмаларды орындауды үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Аяз ата", "Қар айналады". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Өзіне тән қимыл-қозғалыстарды жасай білуге баулу; өз	тоны ақ, құлағы ұзын болатыны және қимылдары туралы ұғымдарды қабылдауға ынталандыру, жасалған жаттығудан жағымды әсер ала білу қабілетін қалыптастыру. Педагог ақ қоян ойыншығын көрсетіп, оның сыртқы көрінісін балаларға байқатады. - Балалар, біздің қонағымызды таныдыңдар ма? Бұл не? - Жарайсыңдар, бұл қоян. - Қоянның терісі сұр ма? - Қоянның терісі ақ. Жарайсыңдар! - Қоянның қандай дене мүшелері бар? - Иә, Әлижан,	безендірілгеніне аудару, түрлі түсті жалаушалардың желде желпілдеп тұрғанын байқату. Қараңдар, Таң қалмаңдар. Мерекеге дайындалдық, Жіпке жалаулар ілдік. Желге желбіреп олар Бізге көзайым болар. - Балалар, бұлар не? - Жалаулардың түстері қандай? - Жалаулар қайтеді? - Жалаулар желпілдейді. Қанекей, балалар, қолымызбен көрсетейік. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды жерге түскен ұсақ бұтақтарды жинауға шақыру.	Сурет салуды біледі. (Терезедегі қырау.) Ырым. Терезенің екі әйнегі де буланса, аяз күшейе түседі. Бақылау: шыныдағы өрнектердің пайда болуы туралы түсінік беру. Жылы судың буы салқын терезелердің шынысына жабысады, бір-бірімен біріктіріледі, мұзды кристалға айналады. Бу терезеге қатқанда әдемі өрнектерге ұқсаған қырауға айналады. Табиғаттың қысқы құбылыстарын байқауды және құбылыстарды атауды үйрету. Қимылды ойын. Қазақ халқының ойыны «Қасқұлақ»	Сурет салуды біледі. (Терезедегі қырау.) Ырым. Терезенің екі әйнегі де буланса, аяз күшейе түседі. Бақылау: шыныдағы өрнектердің пайда болуы туралы түсінік беру. Жылы судың буы салқын терезелердің шынысына жабысады, бір-бірімен біріктіріледі, мұзды кристалға айналады. Бу терезеге қатқанда әдемі өрнектерге ұқсаған қырауға айналады. Табиғаттың қысқы құбылыстарын байқауды және құбылыстарды атауды үйрету. Қимылды ойын. Қазақ халқының ойыны «Қасқұлақ»
--	---	---	---	--	--

	әрекеттерін ойынға қатысушылардың әрекеттерімен байланыстыруды үйретуді жалғастыру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Нысанаға тигіз". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Дәлдікті дамыту, нысанаға затты дәлдеп лақтыруды үйрету.	қоянның ұзын құлақтары бар. - Қоян құлықтарын қалай қимылдатады? - Барлығымыз көрсетейікші. Жарайсыңдар! - Қараңдаршы, балалар, ақ қоян жылы ақ тонын киіп алды. Қоян қуанып қалды. Қоян сендерді өзімен бірге ойнауға шақырады. Д. Ахметова "Қоян". Қоян қорқақ, Ұзын құлақ. Бұта түбінде, Қасқырға көрінбей, Ақ қарда жатыр Тып-тыныш. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды сұқбатхана орындықтарын қардан тазалауға шақыру. (еңбек іс-	Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісі бойынша қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. Жалаушалармен ойын. Мақсат-міндеттері. Балаларды көркемсөзді тыңдап, оның ырғағына қарай жалаушаларды ұстап қимылдауды үйрету, соңғы "жалауша" сөздерін сигнал ретінде қабылдауды және қосылып айтуды, қолдарды жоғары көтеріп бұлғауға ынталандыру. Д. Ахметова	(қасқыр). (дене шынықтыру) "Қасқұлақтан" тығылуды, алаңда бағдарлай білуді бекіту. Ойын ережесін сақтау ("қасқұлақ" сөзді атаса, сол адам өз орнында қалу керек), "күзетші" "қасқұлақты" қуалайды. Ойынды өзінің және басқа ойыншының әрекетімен келістіре білуін дамыту. Еңбек: мұз жолын жасау. Тәрбиешімен бірге жолға су құйып мұз айдынын жасауды үйрету. Балаларды еңбекке баулу (еңбек дағдылары). Өз бетімен ойналатын ойындар: ойында өз	(қасқыр). (дене шынықтыру) "Қасқұлақтан" тығылуды, алаңда бағдарлай білуді бекіту. Ойын ережесін сақтау ("қасқұлақ" сөзді атаса, сол адам өз орнында қалу керек), "күзетші" "қасқұлақты" қуалайды. Ойынды өзінің және басқа ойыншының әрекетімен келістіре білуін дамыту. Еңбек: мұз жолын жасау. Тәрбиешімен бірге жолға су құйып мұз айдынын жасауды үйрету. Балаларды еңбекке баулу (еңбек дағдылары). Өз бетімен ойналатын ойындар: ойында өз
--	---	---	---	---	---

		әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Бері шыға ғой, қоян!" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларға шеңбер бойымен топтасып жүруді, "Бері шыға ғой, қоян!" сөздерін айтуды және көрсетілген қимылдарды қайталауды үйрету. Педагог балалардың бірін "Қоян" атап, барлығы бірге оны шақырады. Шақырылған қоян ортаға шығып,	<i>"Жалауша".</i> Не деген тамаша! Қолымда таяқша, Көк, жібектей, мата, Желбіреген жалауша! "Ирелендеген жолдармен" ойын жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Жердің бетіне салынған (жерде жатқан арқан бойымен) ирелендеген сызықтардың бойымен жүруге жаттықтыру; арақашықты сақтауға баулу.	әрекетін достарының әрекетімен келістіре білуге ынталандыру.	әрекетін достарының әрекетімен келістіре білуге ынталандыру.
--	--	--	---	---	---

		қимылдарды жасайды (педагог үлгіні көрсете алады), балалар қайталайды. Бері шыға ғой, қоян! Ақ құлақтармен ойна! Былай көрсет, Былай көрсет, Ақ құлақтармен ойна! "Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Алға қарай жылжи отырып, екі аяқпен секіру дағдысын жаттықтыру.			
Серуеннен оралу	Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту. Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				

Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Балалардың тәбетін ашу. Өздігінен тамақтануға ынталандыру. Дастарқанның әдемісін-ай, Тағамның (ботқаның, көженің, сорпаның, қуырдақтың) дәмдісін-ай! Тамақты тауысқан балақай Ең күшті болады. Пай, пай! Д. Ахметова (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)				
Түскі ұйқы	Күнделікті әрекеттерді орындау: дәретханаға бару, жуыну, киімдерді бүктеу. Ұйқыға өз бетінше дайындалу дағдыларын қалыптастыру. Ұйқытатпақ. Жастыққа басынды қоя ғой, Тәп-тәтті ұйқыға бата ғой.	Мақсат-міндеттер: дәретханаға бару, жуыну, киімдерін бүктеу, тыныш ұйықтау сияқты белгілі бір рәсімдерді сақтай отырып, ұйқыға өзін-өзі дайындау дағдыларын қалыптастыру. Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. Ұйықтар алдында шешінгенде, орындықтың арқалығына көйлек немесе жейделерін	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Серке мен қой.2» ертегісін тыңдату. (BilimKids медиа бөліміндегі ертегісі) (көркем әдебиет)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Үш қой» ертегісін тыңдату. (BilimKids медиа бөліміндегі ертегісі) (көркем әдебиет)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Хан мен құмырсқалар» ертегісін оқып беру. (көркем әдебиет)

		ілгізіп, ал орындықтың өзіне шалбарын, етектерін бүктеп қойғызу. "Әлди - әлди" әні. Көзімнің ағы-қарасы, Жүрегімнің парасы, Уайым-қайғы ойлатпас, Көңілімнің сапасы. Айналайын, шырағым! Көлге біткен құрағым! Маңдайдағы құндызым, Аспандағы жұлдызым. (мәдени- гигиеналық дағдылар, көркем сөз)			
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Оятпақ. Төсекте жатып керіліп-созылу, жаттығу жасау, өзін-өзі уқалау. Балалар әуезді музыкамен оянады, содан кейін кереуеттің үстінде жатып, 5-6 жалпы даму жаттығуын орындайды. Басты оңға, солға бұру. Қолды, ішті, аяқты, өкшені жеңіл сипау.				

	Екі аяқтың тізесін бүгу, екі қолмен құшақтау және біртіндеп түзету. "Көңілді аяқтар" жаттығуы. Аяқтарды биік көтер, міне былай, Топ, топ, топ! Көңілдірек! Биігірек! Міне былай: Хоп, хоп, хоп! Қоңыраулар сыңғыр-сыңғыр, Қатты-қатты, сыңғыр-сыңғыр! Шап жүйрігім, шап-шап, Тпру - ру -у, тұлпарым: Тоқтат! Тоқтат! Шынықтыру шаралары. Дымқыл сүлгімен сүртіну. Жалпақ табанның алдын алу мақсатында денсаулық кілемшелерімен жүру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жүзеге асыру жайындағы білімдерін бекіту. "Сылдыр-сылдыр, сылдыр су" ойын жаттығуы. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	"Қандай пішіндер жасырынды?" дамытушы жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балалардың түстер мен пішіндерді қабылдауын; зейін, ойлау қабілеттерін	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Қысқы ойынға шығайық". Мақсат-міндеттері. Балаларда мазмұнды сурет арқылы қысқы ойындар жөнінде	Сенсорикадан ойын-жаттығу "Қолғап". Мақсат-міндеттері. Балалардың сенсорлық эталондарды қабылдау, ажырату мүмкіндіктерін	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Дана қуыршақпен бірге серуендеу". Мақсат-міндеттері. Балаларға қыс қызығы туралы түсінік беру; қысқы	Сурет салудан ойын-жаттығу "Қысқы алашадағы қар". Мақсат-міндеттері. Балаларды көлденең сызықтың бетіне "алашаға" кезекпен тұйықталған, көлемі

	дамыту. Құралдар: түрлі түсті, көлемдері бірдей көрнекілік геометриялық пішіндердің модельдері (үшбұрыш, дөңгелек, шаршы). - Балалар, пішіндер сендермен тығылмақ ойнайды. Қандай пішіндер тығылғандарын айтайықшы. Педагог түстері бөлек екі немесе үш пішінді бір-бірінің артына кезекпен жасырады. Балалар пішіндердің көрінген бұрыштары мен қырларына мұқият қарайды, пішіндерді атайды. (сенсорика, сөйлеуді дамыту)	ұғымдарын қалыптастыру. Суретте бейнеленген кейіпкерлерді байқау, атау және көрсету дағдыларын дамыту; сурет тақырыбын ортақ қимыл-әрекеттер аясында бір тұтас оқиға ретінде қабылдауды үйрету.	қалыптастыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейіні мен ақыл-ойын дамыту; жасына сай қарапайым сөйлеу бірліктерін игеру қабілеттерін дамыту.	киімдерінің атауын үйрете отырып, олардың түрлерімен таныстыру; адамның қыс мезгіліндегі өмірі туралы түсініктер қалыптастыру. Қысқы киім атаулары арқылы еске сақтау мен тілін, бақылағыштығы мен зейінін, қабылдау қабілетін дамыту.	әртүрлі дөңгелектерді алашаның сол жағынан оңға қарай бірінен кейін бірін қойып, тізуді үйрету; салынған сурет объектілерін "қар ұшқындарының" бір тізбекте болуын бақылауға дағдыландыру; қар туралы ұғымдарын қалыптастыру.
--	--	---	---	--	--

Балалармен жеке жұмыс	Өнер бұрышындағы бірлескен әрекет. Жеке жұмыс (мүсіндеу). Мақсат-міндеттері. Қолдың ұсақ моторикасын жетілдіру.	"Сипау арқылы тап" ойыны. Мақсат-міндеттері. Заттарды қолмен сипап сезу арқылы тану және атау дағдысын үйрету. Құрал-жабдықтары. Тәрбиеші жаңа жылдық сыйлықтар туралы толық мәлімет береді. Аяз ата жаңа жылдық сыйлықтарды қапқа салып кеткені, балалар оларды қаптан шығармай, қолмен сипау арқылы анықтап және атауларын атау керек. (сөйлеуді дамыту, сенсорика)	"Көңілді саусақтар" саусаққа арналған жаттығу. Мақсат-міндеттері. Балалардың ұсақ моторикасын, жағымды эмоцияларын дамыту, ересекке сенімділікті арттыру. Оң қолымда бес саусақ (оң қолдың саусақтарын көрсету) Сол қолымда бес саусақ (сол қолдың саусақтарын көрсету) Бәрін қоссақ – он саусақ (екі қолдың саусақтарын қосу) Оң аяқпен секіремін (екі аяқпен кезек-кезек секіру) Сол аяқпен секіремін (бір орында жүру) (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)	"Салғыш ойыншықтармен" ойындар. Мақсат-міндеттері. Салғыш ойыншықтағы ойықтардың пішіндеріне сай ұсақ бөлшектерді салуға дағдыландыру; ойын, зейін, қабылдау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Әр ойыққа кескіні бойынша сәйкес суреттерін тауып салу. Не боп қалды? Не боп қалды? Пішіндер шашылып қалды! Жылдам-жылдам, достарым, Орнына орналастыр! (сенсорика)	"Қояндар сияқты секіреміз" жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балаларды алға қарай секіруге машықтандыру. (дене шынықтыру)
Серуенге дайындық	"Киім-кешек пен аяқкиімді таза ұстау туралы".				

	Мақсат-міндеттері. Балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларды, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру. Киім-кешек пен аяқкиімді таза ұстаудың маңыздылығы жайлы айту, «тиянақтылық», «ұқыптылық» түсініктерімен таныстыру, киімдегі олқылықты байқауды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
Серуен	Түскі серуенде табиғатты бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)
Серуеннен оралу	Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту. Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың. (мәдени-гигиеналық дағдылар)
Кешкі ас	Гигиеналық дағдылар Балалардың тәбетін ашу. Өздігінен тамақтануға ынталандыру. Дастарқанның әдемісін-ай, Тағамның (ботқаның, көженің, сорпаның, қуырдақтың) дәмдісін-ай! Тамақты тауысқан балақай Ең күшті болады. Пай, пай! (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет) Музыкалық аспаптармен ойындар. Жаңа жыл тақырыбына байланысты әндер. (музыка) Өнер бұрышында жаңа жыл ойыншықтарының бояуға арналған суреттерін бояту, аққала мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. (шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу) Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. (сенсорика) Еркін рөлдік ойындар.

және басқалар)	
Балалардың үйге қайтуы (ата- аналарға кеңес)	Әңгімелесу. "2-3 жасар баланың коммуникациялық қабілеттерінің ерекшеліктері", "Баланың денсаулығын нығайту жөнінде".